

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Доскей ауылдық округінің әкімінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 6320 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Доскей ауылдық округінің әкімінің 2025 жылғы 26 ақпандағы № 3-ш шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Доскей ауылдық округінің әкімінің 26.02.2025 № 3-ш шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 1 тармағы 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, Доскей ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылдық округінің Доскей ауылы аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып "Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Доскей ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Нуркеш Нурланович Шакманов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Доскей ауылдық округі әкімінің міндет атқарушы

А. Копбаева